

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген қызғылт семізот (*Rhodiola rosea*) пен сафлор тәріздес аюдәріні (*Rhaponticum carthamoides*) алудың 2016 жылға арналған көлемдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 223 қаулысы

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексі 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арнайы жасалған жағдайларда көбейту үшін Шығыс Қазақстан облысы аумағында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктердің мынадай түрлерін алудың 2016 жылға арналған көлемдері бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті «Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Медведь орманшылығы 15-орамының 5-телімі және 13-орамының 12-телімі аумағында 25,2 га алаңнан дымқыл түрдегі қызғылт семізот (*Rhodiola rosea*) – 2500 килограмм (781 дана);

2) Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Күршім орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Пугачев орманшылығы 128-орамының 5-телімі және 145-орамының 2-телімі аумағында 187,5 га алаңнан дымқыл түрдегі сафлор тәріздес аюдәрі (*Rhaponticum carthamoides*) – 16100 килограмм (51111 дана).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті осы қаулыдан туындайтын ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*